

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

Тазалық - ортақ жауапкершілік

"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясы аясында Ақсуат аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері рейдтік-профилактикалық іс-шаралар өткізуде.

Іс-шара барысында қоғамдық орындар мен көшелердің тазалығын сақтау, қоршаған ортаны ластау фактілерінің алдын алу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Полиция қызметкерлері азаматтарды қоршаған ортаға ұқыпты қарап, қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға, қоқысты белгіленген орындарға тастауға және табиғатты қорғауға шақырды. Таза қоршаған орта - әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі!



"Таза Қазақстан" экологиялық акциясы Жентікей ауылында жүйелі өткізіліп келеді.

Ауылдағы мекеме қызметкерлері ауыл маңын, ауыл ішін қоқыс қалдықтарынан тазалап, нәтижелі сенбілік жұмыстарын жүргізді.

Ауылды көркейту, көгалдандыру мақсатында жұмыстар күнделікті өз жалғасын табуда. Тазалық жұмыстарына жауапкершілікпен қарау барша ауыл тұрғындарының ортақ міндеті.



"Өнері - ұлтқа мұра"

Көкжыра Мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен қазақтың көрнекті сазгері Латиф Хамидидің туғанына 120 жыл толуына арналған "Өнері - ұлтқа мұра" атты музыкалық кеш өтті.

Кеш барысында сазгердің өмірі мен шығармашылық жолы таныстырылып, халық жүрегінен орын алған әндері шырқалды.

Қатысушылар Латиф Хамидидің ұлттық музыка өнеріне қосқан өлшеусіз үлесі туралы мол мағлұмат алып, рухани әсерге бөленді.



"БАТЫР БАБАЛАР ІЗІМЕН"

Тарихты тану - өткенді құрметтеуден басталады. Қазақ жеріндегі тарихи шайқастар өткен орындарды зерттеп, бабалар есімін түгендеуге, олардың жүріп өткен жолын анықтауға үлес қосып келе жатқан экспедиция жұмыстары еліміздің әр өңірінде жыл сайын жүргізіліп келеді. Тарихшы, ғалым Қанат Еңсенов жетекшілік ететін, ел бойынша мықты деген тарихшы, шежірешілердің басын қосқан осы экспедиция құрамында біздің жерлесіміз, өлкетанушы, шежіреші, Ақсуаттың абыз ақсақалы Жамбыл Жұманбаев та бар. Бүтін бір ұлттың тарихи мұрасын түгендеуге атсалысып жүрген экспедиция құрамына жерлесіміздің алынуы - біз үшін зор мақтанаш. "Менің бұл экспедиция құрамына енуім Ақсуаттың қадір-қасиеті, Ақсуаттың мәртебесі, беделі деп ойлаймын", - дейді шежірешінің өзі. Иә, мұндай сенім туған өлкенің мерейін үстем етіп, Ақсуат өңірінің тарихы терең, тағылымы мол, елдік рухы биік мекен екенін айғақтап тұрғандай. Әулие Ырғызбай бабамыздың кесенесі алыстан мен мұңдалап, ғасырлар бойы халқымыздың рухани тұғырына айналып келеді. Оның киелі рухы мен өнегелі жолы туған жердің қадір-қасиетін айшықтап,



ел бірлігі мен амандығының символы ретінде ұрпақ санасында мәңгі сақталуда. Ал Елеке сазынан табылған "Алтын адам" - Ақсуат өңірінің тарихы тым тереңде жатқанын, өлкеміз бай мәдени мұраның бесігі болғанын дәлелдей алатын баға жетпес қазына. Жамбыл Бөлеуханұлы айтып отырған Ақсуаттың қадір-қасиетінің түп-төркіні осы болар. Расында, туған өлкемізге бұйырған бұл өлшеусіз құндылықтар бізді әлі талай жетістіктерге жетелейтіні сөзсіз.

Ел тарихын түгендеуге үлес қосып, тарихи-танымдық кітаптар жазып жүрген Жамбыл Бөлеуханұлының тынымсыз еңбегі лайықты бағаланып, биыл маусым айында Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Бұл жылдар бойғы ізденіс пен табанды еңбектің жемісі. Ақсуаттай киелі өлкеміздің қадір-қасиетін тереңінен танып, оны құрмет тұтып, сол арқылы өзі де лайықты құрметтің биігіне көтеріліп жатқан Жамбыл Бөлеуханұлын газет оқырмандары атынан құттықтаймыз! Ұлт тарихын түгендеудегі еңбектеріңіз ел игілігіне қызмет ете берсін!

Өлкетанушы Жамбыл Жұманбаевтың Ұлытау сапары бойынша жазылған жазбасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ҰЛЫТАУ САПАРЫ

Ұлытау қазақ даласының кіндігі саналған. Үш жүздің жерінің тоғысатын жері. Қазақтың ұлан ғайыр жеріне Қабанбай, Бөгенбай, Боранбай батыр-билерімен тізе қосқан белгілі, белгісіз батырлар жетерлік. Ел жадында ауыз екі шежіреші қариялар айтып, жаздырып кеткен шежіре деректер және сол заманды жырлаған ақын-жыраулар арқылы бізге жетті. Тарихи үлкенді-кішілі шайқастар өткен тау жота-шатқал, бұралаң белдер, сайын далалар мен өзен-көлдер маңында қараған-бұта, қопа ши түптерінде тас жамылып, жер жастанып жатқан бабалар есімі жыл өткен сайын анықталуда. Әр жылдар экспедицияларында оларды түгендеу, бастарына белгі қойғызу жұмыстарымен қоса ғылыми-танымдық конференциялар өткізіліп, тарихи-танымдық кітаптар шығарылуда. Осы игілікті іс-шара жер-жерлерде ғалым, тарихшы, ЕНУ профессоры Қанат Еңсеновтың жетекшілігімен жоспарлы жүргізіліп келе жатқан экспедиция сапарларын өз көрген-білген, ойға түйген жазбаларымды жыл сайын жергілікті газеттерде, фейсбук парақшаларында үзбей жариялап келемін. Тарих пәнінің үздігі Қайрат Айтхожин сияқты мұғалім-ұстаздардың тікелей қолдауымен іске асырылуда. Мақсат-өскелең жас ұрпақты туған жердің төл тарихымен таныстыру.

Бұланты-Білеуті шайқасының 300 жылдығына байланысты өткізілетін экспедицияға Мемориал жетекшісі Медеу Қайратұлының шақыртуын зор қуаныш сезіммен қабыл алдым. Еліміздің өткенін болашаққа жеткізу әсіресе, қазіргі кезеңде өте маңызды. Тарихымыз жаңа деректермен толыға түспек. Менің Ұлытау сапарым сол басталған істің жалғасы іспетті еді.

2027 жылы 300 жыл толатын "Бұланты-Білеуті" шайқасына арналған:

"Елдіктің еңсесі көтерген, Жеңіспен жігерді әкелген.

Бір сәтте, сын сағат соққанда, Қаймана қазақтың еңсесін көтерген" -

деген өлең жолдары толқыныс сәттерінде ойыма оралды. Ежелгі қазаққа "Ұлытау-ұлт ұясы" - деген ұлағатты сөз бар. "Бұланты-Білеуті" шайқасының 300 жылдығына орай экспедицияға шақырту алғаннан бері тереңге тартқан тарихы бар өлкеге ат басын тіреу бақыты бұйырғанын сезіндім. Батыр бабалар аттанысқа бас қосып, алғашқы жеңіс дәмін татқан тарихи жерде бас қосу, мен сияқты өлкетанушы үшін өлшеусіз бақыт еді. Айырмашылығы олар осыншама ұлан ғайыр жерді атпен жүріп өткен жорық жолын мен екі поезд ауыстырып, жайлы вагондарда жатып жетіп отырмын. Қайран бабалар-ай, үш жүз жыл бұрын қандай құрамда жортуыл-жорық жолын жүріп өттіңдер екен деп терезеден теліріп ойға шомып келемін.

Осыншама жер кеңістігін алып қалғандағы үміт-армандарың ақталды ма?! Әр сайдың тастарын жамылып, әр қараған бұтаның түбінде жатқан сендердің іздеріңді іздеп жүрген тарихшы Қанат Еңсенов бастаған экспедиция мүшелері біріккен сәтте, сіздер дем алған ауамен тыныстап, еңсемізді тіктедік. Білген дұғамызды бағыштап, қол жайдық. Сайын даланың құлан жортқан құба жондарындағы қараған-бұта арасындағы қорымдарды асықпай аралап, Үш жүздің батырларының бірлігіне куә болдық. Қына

басқан, ұйысып тікенекті шөп өскен қара бұжыр тастарды сыйпалап отырып ойға түстік. Оқулықтардан "Куликово" шайқасын оқып өскен біз үшін бұл шайқастар бейтаныс еді. Тарихымызды талдасақ, қаймана қазақтың көрмегені жоқ. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан" бастап "Бұланты-Білеуті", "Аңырақай" шайқастарында бұрынғы кеткен есесі қайтып, кемтігі толған кезең басталғанына 2027 жылы 300 жыл толады. 19 мамыр күні Астанада өткен "Алтын Орда-дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік" атты халықаралық симпозиумның мінберінде жасалған баяндамалар жаңа ой түйіндерге жетелейді. Бұл жиынның саяси маңызымен қатар, Түрік тектес халықтардың рухын көтеруге, жігерін шыңдауға әсер етері анық.

XVIII ғасырдың басында Тәуке ханнан кейін үш жүздің арасында бытырап, бөліну күшейгені тарихтан белгілі. Сұлтандар арасындағы алауыздық, билікке талас, қазақ қоғамын әлсіретті. Мұның өзі сыртқы жаулардың шабуылын күшейтті. Ұлытау жерінде екі жақ үшін ширыққан шешуші сәт туды. Тарихшы Қанат Еңсеновтың айтуынша Бұланты-Білеуті екі өзен арасын алдыңғы экспедицияда өлшегенде 175 шақырым

ұғым бар. Сол арқылы империялар өздеріне қолайлы етіп шынайы тарихты бұрмалап жазып, ұлттық сананы жоюмен шұғылданды. Ұлы даланы жаулап алушылар тарапынан әр ғасырда дала өлкесі жансыздар мен барлаушыларға толы болған. Олар арнайы дайындықтан өткендер. Картаға түсіріп, ел-жұрт салт-дәстүрін зерттеп, мықты және осал жақтарын талдап жазып жеткізумен болды. Географиясы, флора, фаунасын зерттеп, өзен-көлдерін түгендеді. Пайдалы қазбаларын тауып, орындарын белгіледі. Жай жүрмей, Сақ қорғандарын тонады. Экспедиция сайын тоналған көріністерге куә болып келеміз. 2024 жылы теңіз деңгейінен мың метрге жуық биіктіктегі Толағай тауына шықтым. Оның төбесіне жерленген Сақ мықтысының қорымы да тоналған екен. Қайтпек керек. Осыған жауап бере алатын кейінгі ұрпақ өсіп келе ме?!

Ұлы дала зертеуші-барлаушыларының сауаттылығы, алған тапсырмасын орындаудағы тыңғылтылығы таң қалдырмай қоймайды.

"А.И.Левшиннің 1832 жылы жазылған "Описание киргиз-кайсақжы орд" деген еңбегінде: "Киргиз-кайсақ (казах) может лежать днями, созерцая степь, и казаться самым ленивым существом. Но дайте ему

цель - догнать врага или найти пропавший табун - и он превращается в спусок энергии, не знающий усталости неделю подряд". Бұл біздің ұлттық болмысымызға берілген әділ баға. Осал жерімізді дәл зерттегені таң қалдырмай қоймайды.

Тарихтан белгілі болғандай арқа Сарыбел жерінен Ұлы қоныс аудару көші Жоңғардан босаған Алтай, Тарбағатай, Аякөз өңірлеріне қарай Әбілмәмбет ханның алдында Қабанбай батыр, Боранбай би арқылы шешілген. Тарихшы Мұхтарбек Каримовтың айтуынша, Ұлы көш екі бағытта Балқаш және осы күнгі Павлодар жері арқылы жүзеге асырылған. Оған дәлел ретінде мен Тарбағатай

тауының етегіндегі біз үшін ата мекенге айналған арайлы Ақсуаттан киелі Ұлытау жеріне сол Ұлы көш жолдары арқылы сапар шегіп отырмын. Шырайлы Шығыстан Есенбек, Бауыржан Ахметтер. Бір өттеңі көкпектілік шежіреші-ақын Қайрат Мәлікаждар бұл экспедицияға денсаулығына байланысты қатыса алмады. Арнайы ашылған экспедиция желісінде алдын-ала еркін пікір алмасулар болып жатты. Батыстан Махамбет, Шымкент төрінен Бекмұрат, Еркін Жақыпбек, Ақтөбеден Жомарт Қартбай, Үмбет, Орынбай, т. б. азаматтар болды. Әсіресе жетекшіміз Қанат Еңсенов шәкірттері Азамат, Бекнұрларды экспедиция құрамына кіргізіп, қасына ертіп жүргені көпшілікті қуантты. Бұл аса қажетті ұрпақ сабақтастығының бірегей көрінісі еді. Жас студенттер зыр жүгіріп, жүк көтерісіп, қолға су құйып, кесе өперіп, қазақы салт-дәстүрге бейімділіктерін көрсетті.

АҚСУАТ-СЕМЕЙ-АСТАНА-ЖЕЗҚАЗҒАН САПАРЫ ЖОЛ ЖАЗБАСЫ.

Жамбыл ЖҰМАНБАЙ,
өлкетанушы, шежіреші.
Тарбағатай ауданының құрметті
азаматы.
Жентікей ауылы.

(Жалғасы бар).